

Акционерлердің Жалпы жиналысымен
бекітілген
2024 жылғы 8 ақпандағы № 194 хаттама



«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

МАЗМҰНЫ

1-БАП.	Анықтамалар	3
2-БАП.	Қоғамның атауы және орналасқан жері.....	4
3-БАП.	Қызмет мәні (кәсіпкерлік қызмет).....	5
4-БАП.	Қоғамның құқықтық мәртебесі мен құқықтары.....	5
5-БАП.	Акционерлердің құқықтары мен міндеттері	6
6-БАП.	Қоғамның Бағалы қағаздары және Тізілім	9
7-БАП.	Жарғылық капиталды өзгерту; акцияларды шығару және орналастыру	9
8-БАП.	Ақпаратты ашу.....	10
9-ГАП.	Қоғамға шетелдік қатысуды (бақылауды) шектеу	11
10-БАП.	Дивидендтер төлеу.....	13
11-БАП.	Қоғамның органдары	14
12-БАП.	Акционерлердің Жалпы жиналысы.....	14
13-БАП.	Директорлар кеңесі.....	24
14-БАП.	Бас атқарушы директор.....	32
15-БАП.	Ішкі аудит қызметі.....	33
16-БАП.	Бухгалтерлік есеп; есептілік.....	34
17-БАП.	Қоғамның Ірі мәмілелер жасасуы	34
18-БАП.	Қоғамның мәміле жасаудағы мүдделілігі.....	34
19-БАП.	Қоғам Акционерлері мен лауазымды тұлғаларының өз үлестес тұлғалары туралы ақпаратты беруі;	35
20-БАП.	Қоғамның ақпаратты ашуы.....	36
21-БАП.	Қоғамның құжаттары	36
22-БАП.	Қоғамды қайта ұйымдастыру	36
23-БАП.	Қоғамды Тарату	36
24-БАП.	Басқа ережелер.....	37

**«ЭЙР АСТАНА»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Осы жарғы («Жарғы») «Эйр Астана» акционерлік қоғамының («Қоғам») жарғысы болып табылады. Осы Жарғыда Қоғамның құқықтық мәртебесі мен қызметі белгіленген.

1-БАП. АНЫҚТАМАЛАР

1.1 Осы Жарғыда пайдалану кезінде, сондай-ақ бұдан әрі көрсетілгендей тырнақшаларда жазу кезінде осы 1-бапта белгіленген терминдер мен сөз тіркестерінің мағыналары мынадай болады:

- (1) **«Акциялар»** Қоғамның бір немесе бірнеше акцияларын білдіреді;
- (2) **«Акционер»** – Акцияның меншік иесі болып табылатын кез келген тұлға;
- (3) **«Акционерлердің кезектен тыс жиналысы»** 12.8-бапта көзделген мәнге ие;
- (4) **«Бас атқарушы директор»** – Қоғамның атқарушы органы болып табылатын Қоғамның Бас атқарушы директоры (Президенті);
- (5) **«Акционерлердің жылдық жиналысы»** 12.7-бапта көзделген мәнге ие;
- (6) **«АҚШ доллары»** – Америка Құрама Штаттарының ұлттық валютасы;
- (7) **«Заңнама»** Қазақстан Республикасының заңнамасы;
- (8) **«Шетелдік тұлға»** шетелдік заңды тұлғаны, заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымды, шетелдікті және (немесе) азаматтығы жоқ тұлғаны білдіреді;
- (9) **«Білікті көпшілік»** кем дегенде 3/4 (төрттен үш) көлемді құрайтын көпшілікті білдіреді;
- (10) **«Ірі мәміле»** Заңнамада белгіленген мәнге ие;
- (11) **«Ірі Акционер»** 5.3-бапта көрсетілген акционерді немесе акционерлерді білдіреді;
- (12) **«Акционерлердің Жалпы жиналысы»** Акционерлердің қайталама, жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын қоса алғанда, ара-арасында шақырылатын, Қоғамның жоғары органы болып табылатын Акционерлердің Жалпы жиналысын білдіреді;
- (13) **«Бұзушылық жасаған Акционер»** 9.1-бапта белгіленген шектеулерді Бұзушылық жасаған акционер немесе 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзған тұлғаның Тиімді бақылауындағы Акционер;
- (14) **«Қызметкерлерге сыйлықақы беру жоспары туралы қағидалар»** – Акционерлердің Жалпы жиналысы бекітетін, Қоғам қызметкерлеріне, сондай-ақ өзге де тұлғаларға Қоғамның Акцияларымен және (немесе) қарапайым Акцияларға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарымен сыйлықақы берудің жалпы қағидаларын белгілейтін Қоғамның ішкі құжаты;
- (15) **«Кәсіпкерлік қызмет»** 3-бапта көрсетілгендей, құрылған мақсаттарға байланысты Қоғамның қызметін білдіреді;

- (16) «жұмыс күндері» Қазақстан Республикасындағы жұмыс күндері;
- (17) «Тіркеу» Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылған Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі;
- (18) «Тізілім» 6-бапқа сәйкес жүргізілетін Акция ұстаушылардың тізілімдер жүйесін білдіреді;
- (19) «Ішкі аудит қызметі» Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Қоғам бөлімшесі;
- (20) «Директорлар кеңесі» Қоғамның басқару органы болып табылатын Қоғамның директорлар кеңесі;
- (21) «Теңге» Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы;
- (22) «Бағалы қағаздар» Заңнамаға сәйкес Қоғам шығарған бағалы қағаздар;
- (23) «Тиімді бақылау» мынадай шарттардың бірі болғанда туындайтын заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның шешімдерін айқындау мүмкіндігі:
- заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және заңды тұлға сатып алғандарды шегере отырып), қатысу үлестерінің, пайларының не үлестік қатысудың басқа да нысандарының 50 (елу) пайыздан астамын тікелей және (немесе) жанама түрде иеленгенде, пайдаланғанда және (немесе) билік еткенде;
 - заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның басқару органы немесе атқарушы органы құрамының кемінде жартысын тікелей немесе жанама түрде сайлау мүмкіндігінің болуы; немесе
 - заңнамалық актінің, сот шешімі, шарт күшінің (растайтын құжаттардың) негізінде немесе Заңнамамен көзделген жағдайларда басқаша түрде бір адамның өз бетімен немесе бір не бірнеше адаммен бірлесіп, заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның шешімдерін тікелей немесе жанама түрде айқындау мүмкіндігінің болуы.

- 1.2 Осы Жарғыда белгілі бір Бапқа немесе Қосымшаға сілтемелер осы Жарғының осындай белгілі бір бабына немесе осы Жарғыға қосымшаға сілтемелер ретінде түсіндіріледі.
- 1.3 Осы Жарғыда және Заңнамада пайдаланылатын белгілі бір терминдер арасында қайшылық болған жағдайда Заңнаманың ережелері басым күшке ие болады.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1 Қоғамның толық фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде:	«Эйр Астана» акционерлік қоғамы;
орыс тілінде:	Акционерное общество «Эйр Астана»;
ағылшын тілінде:	Air Astana Joint Stock Company.

2.2 Қоғамның қысқартылған фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде: «Эйр Астана» АҚ;

орыс тілінде: АО «Эйр Астана»;

ағылшын тілінде: Air Astana JSC.

2.3 Қоғамның атқарушы органы Қазақстан Республикасы, 050039, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 4А мекенжайы бойынша орналасқан.

3-БАП. ҚЫЗМЕТ МӘНІ (КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ)

3.1 Қоғам қызметінің негізгі мәні азаматтық авиацияның әуе кемелерімен жолаушылар мен жүктерді әуеде тасымалдау қызметтерін көрсету болып табылады. Қоғам өз қызметін Заңнамаға, Қазақстан Республикасында авиация саласында қолданылатын стандарттарға, Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі Еуропалық агенттіктің стандарттарына (EASA), ұшу қауіпсіздігінің пайдалану аудитіне IATA (IOSA), сондай-ақ өзге де тиісті операциялық талаптарға сәйкес жүзеге асырады және Еуропалық Одақтың халықаралық әуе жолында клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын (Заңнамаға қайшы келмейтін дәрежеде) сақтайды.

3.2 Қоғам азаматтық авиация саласындағы кез келген өзге қызметті, оның ішінде, шектеусіз, авиация персоналын кәсіптік оқытуды, сондай-ақ Заңнамада тыйым салынбаған жағдайда өзге де персоналды оқытуды жүзеге асыруға құқылы.

3.3 Қоғам жүзеге асыру үшін Заңнамаға сәйкес лицензия немесе рұқсат алу қажет болатын жекелеген қызмет түрлерін осындай лицензия немесе рұқсат алу шартымен жүзеге асыруға құқылы.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1 Қоғам акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және Заңнамаға сәйкес дербес заңды тұлға болып табылады. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік қатысатын заңды тұлғаларға берілетін барлық құқықтар мен басымдылықтарға ие. Қоғамның дербес балансы, банк шоттары және мөрі бар. Мөрде Қоғамның атауы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде бейнеленген. Қоғам тіркелген күнінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады. Егер Қоғам қызметі осы Жарғының ережелеріне сәйкес тоқтатылмаса, Қоғам қызметінің мерзімі Тіркелу күнінен бастап шектелмейді.

4.2 Қоғамның оқшауландырылған мүлкі бар. Ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға және оларды жүзеге асыруға, өзіне міндеттемелер қабылдауға және сотта және төрелікте талапкер, жауапкер немесе үшінші тұлға болуға құқылы. Қоғам жалпы Акционерлердің мүддесінде әрекет етеді.

4.3 Қоғам Заңнаманы, осы Жарғыны және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады және өз қызметін оларға сәйкес жүзеге асырады. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде Заңнаманың және осы Жарғының талаптарын сақтайды.

4.4 Қоғам Акционерлердің мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Акционерлер Қоғамның борыштары мен міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Заңнамада белгіленген жағдайларды

қоспағанда, өздеріне тиесілі Акциялардың құны шегінде ғана Қоғамның қызметіне байланысты шығындар төуекелін көтереді.

- 4.5 Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 4.6 Қоғам оған Акционерлер Акциялар үшін төлем ретінде берген мүліктің, сондай-ақ өз қызметі процесінде сатып алынған мүліктің меншік иесі болып табылады. Қоғам өзіне тиесілі мүлікке Заңнамаға сәйкес иелік етеді, пайдаланады және билік етеді. Акционерлер салатын салымдар, өнімді, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатудан және өзге де қызметтен түскен кірістер, қарыздар, бағалы қағаздардан түскен кірістер, сондай-ақ Заңнамада тыйым салынбаған өзге де кіріс көздері Қоғамның мүлкін қалыптастыру көздері болып табылады.
- 4.7 Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында:
- 4.7.1 экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруға, қаржылық, банктік және өзге де мәмілелер жасасуға;
 - 4.7.2 Кәсіпкерлік қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға, оны ұйымдастыруға, Заңнамаға сәйкес өз қызметтері мен өнімдеріне баға белгілеуге;
 - 4.7.3 Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер ашуға және еншілес ұйымдар құруға;
 - 4.7.4 Қазақстан Республикасында және шетелде Теңгемен және еркін айырбасталатын шетел валютасымен банк шоттарын ашуға, жүргізуге және пайдалануға;
 - 4.7.5 өзінің таза табысын кедергісіз және тікелей алуға және жұмсауға және халықаралық айырбастау бағамдарына және аукцион бағамдарына сәйкес Теңгені шетел валютасына айырбастауға;
 - 4.7.6 егер Қоғам оны орынды деп тапса, Кәсіпкерлік қызметті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде дербес немесе басқа заңды немесе жеке тұлғалармен бірлесіп басқа заңды тұлғалар (заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар) құруға;
 - 4.7.7 өзіне Заңнамаға сәйкес залалды өтеу жөнінде кез келген міндеттемелерді қабылдауға;
 - 4.7.8 Қоғамның мүлкін немесе активтерін толық көлемде де, ішінара да кепілге беруге, сатуға, жалға алуға және ауыртпалық салуға не өзгеше түрде иелік етуге;
 - 4.7.9 қайырымдылық жарналарын жүзеге асыруға және денсаулық сақтауға, мәдениет пен ғылымға ақшалай қаражат бөлуге; сондай-ақ
 - 4.7.10 Қоғам сияқты заңды тұлғалар үшін Заңнамада көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

5-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 5.1 Акционерлер:

- 5.1.1 Заңнамада және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 5.1.2 Дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;
- 5.1.3 дивидендтер алуға;
- 5.1.4 мыналарды:
- (a) талап қою күніне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;
 - (b) соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған (Акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде ұсынылған жағдайда);
 - (c) орындалуы Акционер өтініш жасаған күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің (Акционер өтініш жасаған күнге дейінгі үш жылдан астам) өткен кезеңдеріне қатысты ақпаратты қоспағанда, Акционерлердің Жалпы жиналысы айқындаған немесе Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға.
- 5.1.5 орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның Бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5.1.6 Қоғам Акционерлерінің Жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 5.1.7 Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
- 5.1.8 Қоғамның дауыс беретін Акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызын дербес немесе басқа Акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңнамада көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 5.1.9 Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 5.1.10 Қоғам таратылған кезде Қоғам кредиторларының талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігіні;
- 5.1.11 Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңнамада белгіленген тәртіппен өз Акцияларына айырбасталатын Қоғамның Акцияларын немесе басқа да Бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

- 5.1.12 Акционерлердің Жалпы жиналысының Заңнамада көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;
- 5.1.13 Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
- 5.2 Дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан көп пайызын дербес немесе басқа Акционерлермен жиынтықта иеленетін Акционерлер Директорлар кеңесінің жекелеген мүшесінің және (немесе) Бас атқарушы директорының жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:
- 5.2.1 Директорлар кеңесінің осы мүшесінің және (немесе) Бас атқарушы директорының өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам Акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;
- 5.2.2 егер Директорлар кеңесінің осы мүшесінің және (немесе) Бас атқарушы директорының жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.
- 5.3 Бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) дауыс беретін Акцияларының 10 (он) және одан да көп проценті тиесілі Акционердің немесе бірнеше Акционердің (бұдан әрі – **Ірі Акционер**), сондай-ақ:
- 5.3.1 Акционерлердің Кезектен тыс жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің Кезектен тыс жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- 5.3.2 Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 5.3.3 өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.
- 5.4 Жай Акция Акционерге дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен Акционерлердің Жалпы жиналыстарына қатысу құқығын береді. Жай Акция Акционерге Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер (Акционерлердің Жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде) және Қоғам таратылған жағдайда, Заңнамада белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 5.5 Артықшылықты акциялардың меншік иелері – Акционерлердің жай Акциялардың меншік иелері – Акционерлеріне қарағанда, Қоғамның Жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған кезде Заңнамада белгіленген тәртіппен мүлктің бір бөлігіне басым құқығы бар. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның артықшылықты Акцияларын шығаруы туралы шешім қабылдаған жағдайда дивидендтерді төлеу кезеңділігі мен артықшылықты бір Акцияға дивидендтер төлеу кезеңділігі және дивидендтің мөлшері осы Жарғыда белгіленеді.
- 5.6 Артықшылықты Акция, Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бәрмейді.
- 5.7 Артықшылықты Акциялар бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның қандай да бір органының шешімін талап етпейді. Артықшылықты Акциялар бойынша есептелетін

дивидендтердің мөлшері жай Акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауға тиіс. Дивидендтер алу құқығы бар және Тізілімде жаңартылған деректемелері бар Акционерлерге артықшылықты Акциялар бойынша дивидендтер толық төленбейінше жай Акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

5.8 Қоғамның Акционері:

- 5.8.1 Заңнамада және осы Жарғыда көзделгендей өз Акцияларын төлеуге;
- 5.8.2 осы Акционерге тиесілі Акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға Тізілімді жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға;
- 5.8.3 Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Заңнамамен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 5.8.4 Заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ЖӘНЕ ТІЗІЛІМ

- 6.1 Барлық Акциялар жай атаулы акциялар болып табылады және құжатсыз нысанда шығарылады.
- 6.2 Тізілімді жүргізуді Заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген тұлға ғана жүзеге асыра алады.
- 6.3 Бағалы қағаздардың кез келген шығарылымы Заңнаманың талаптарына сәйкес тіркелуге тиіс.
- 6.4 Қоғам облигациялар және бағалы қағаздардың өзге де түрлерін Заңнамаға сәйкес шығаруға құқылы. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды, оның ішінде айырбасталатын облигацияларды шығаруға және Қоғам Заңнамаға сәйкес шығаратын Акцияларды сатып алуға опциондар жасасуға құқылы. Бағалы қағаздарды айырбастау шарттары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісімен айқындалады. Қоғамның Акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруға жарияланған және орналастырылған Акциялар арасындағы айырма шегінде жол беріледі.

7-БАП. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫ ӨЗГЕРТУ; АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ

- 7.1 Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Заңнамаға сәйкес жарияланған Акцияларды орналастыру арқылы Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға құқылы. Жарияланған Акциялардың саны Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша ұлғайтылуы мүмкін.
- 7.2 Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастырылатын Акцияларды төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

8-БАП. АҚПАРАТТЫ АШУ

- 8.1 Акционер Қоғамның жазбаша талабы бойынша (бұдан әрі – «**Ашу туралы талап**») Қоғамға өзі туралы, сондай-ақ осындай Акционерге қатысты Тиімді бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты Тиімді бақылауды жүзеге асыратын түпкі меншік иелеріне дейін ашуға міндетті.
- Егер Акционер заңды тұлға немесе әрқайсысы осындай Акционерге қатысты Тиімді бақылауды жүзеге асырмайтын, өзара байланысы жоқ бірнеше тұлға тікелей және (немесе) жанама иелік ететін, пайдаланатын және (немесе) билік ететін заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйым болып табылса, мұндай Акционер Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасының азаматы акцияларға, қатысу үлестеріне, пайларға не осындай Акционерге үлестік қатысудың басқа да нысандарына тікелей және (немесе) жанама иелік ететін, пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін барлық жағдайлар туралы ақпаратты Қоғамға қосымша ашуға міндетті.
- 8.2 Акционердің Ашу туралы талап бойынша ақпаратты ашу мерзімі Ашу туралы талаптың өзінде айқындалады және Қоғам Акционерге Ашу туралы талапты жіберген күннен бастап кемінде 5 (бес) жұмыс күнін құрауға тиіс.
- 8.3 Қоғам Ашу туралы талапты 8.1-бапқа сәйкес кез келген уақытта және кез келген рет жіберуге құқылы.
- 8.4 Ашу туралы талап Қоғамның веб-сайтында (airastana.com) жарияланған және (немесе) кез келген қолжетімді байланыс құралдарымен қағаз жеткізгіште немесе Акционердің мекенжай (байланыс) деректемелері бойынша электрондық түрде жіберілген кезде тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.
- 8.5 Заңнамада бұған жол берілетін дәрежеде Қоғам «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ қызметтерін пайдалану арқылы (ақпараттық жүйелер арқылы) 8.1-бапта көрсетілген ақпаратты сұратуға және (ішінара немесе толық) алуға құқылы.
- 8.6 Қоғам тұлғалардың тоқсан сайынғы есебін жүргізеді, олар туралы ақпаратты Акционерлер 8.1-бапқа сәйкес ашуға тиіс.
- 8.7 Директорлар кеңесі Қоғамның сұрау салу және Акционерлердің ақпарат беру тәртібін регламенттейтін саясатты 8.1-бапқа сәйкес бекітуге құқылы.
- 8.8 8.1-баптың талаптарына сәйкес Қоғамға ақпаратты ішінара немесе толық ұсынбаған Акционер:
- 8.8.1 Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде ескерілмейді; және
- 8.8.2 Акционерлердің Жалпы жиналысында қаралатын мәселелерге дауыс беруге және (немесе) оларды талқылауға қатысуға құқығы жоқ.
- 8.9 Акционерлердің Жалпы жиналысы шешім қабылдағаннан кейін анықталған 8.1-баптың талаптарына сәйкес Акционердің берген ақпараты анық болмаған кезінде:
- 8.9.1 дауыс беретін Акциялардың көпшілігі (анық емес ақпарат берген Акционердің дауыс беретін Акцияларын есептемегенде) осындай шешімге дауыс берген жағдайда, Заңнамада белгіленген Акционерлерінің Жалпы жиналысымен шешім қабылданған болса кворумның болуы бойынша талаптар сақталған

кезде көрсетілген акционердің дауыстарын есептемей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі қабылданған болып саналады;

- 8.9.2 анық емес ақпарат ұсынған Акционердің дауысы шешуші болса, осы мән-жай Қоғамның немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен басқа да мүдделі адамдардың талабы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының тиісті шешімін жарамсыз деп тануға негіз болады.
- 8.10 Егер Акциялар номиналды ұстауда болса, онда осы 8-баптың ережелері Акциялардың номиналды ұстаушысының клиенті болып табылатын осындай Акциялардың иесіне қатысты қолданылады. Күмәнді болдырмау үшін, егер Акциялар депозитарийде немесе кастодианда (Қазақстан Республикасының резидентінде немесе шетелдік ұйымда) ұсталса, мұндай депозитарий немесе кастодиан Акцияларды және (немесе) осындай Акцияларға меншік құқығын немесе өзге де құқықтарды куәландыратын кез келген басқа шығарылған бағалы қағаздарды ұстаса, онда осы 8-баптың ережелері осындай Акциялар ұстаушысының клиентіне қатысты қолданылады (депозитарий немесе кастодиан шығарған және Акцияларға меншік құқығын немесе өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаздарды ұстаушыны қоса алғанда). Осы 8-баптың мақсаттары үшін меншік иесі болып табылатын немесе осындай депозитарий немесе кастодиан (яғни, депозитарийдің немесе кастодианның клиенті) шығарған бағалы қағаздарға өзге де тікелей иелік ететін тұлға осындай бағалы қағаздар ұсынған Акциялар санының ғана «меншік иесі» болып есептеледі.

9-БАП. ҚОҒАМҒА ШЕТЕЛДІК ҚАТЫСУДЫ (БАҚЫЛАУДЫ) ШЕКТЕУ

- 9.1 Шетелдік тұлғаға дербес не басқа шетелдік тұлғалармен бірлесіп:
- 9.1.1 Заңнамаға немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған Қоғамның Акцияларын және (немесе) оның Акциялары базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздарды Қоғамның орналастырылған Акцияларының жалпы санының қырық тоғыз және одан көп пайызынан асатын мөлшерде («Қоғам өзі сатып алғандарды шегергенде») тікелей және (немесе) жанама иеленуге, пайдалануға және (немесе) билік етуге;
- 9.1.2 Қоғамға қатысты Тиімді бақылауды жүзеге асыруға тыйым салынады.
- 9.2 9.1-бапта белгіленген шектеулер бұзылған жағдайда, Бұзушылық жасаған Акционер:
- 9.2.1 жасалған бұзушылық толығымен жойылғанға дейін өзінің Акцияларымен дауыс беруге құқылы емес;
- 9.2.2 жасалған бұзушылық толығымен жойылғанға дейін Акциялар бойынша дивидендтер алуға құқылы емес; және
- 9.2.3 жасалған бұзушылықты Директорлар кеңесінің тиісті талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған тиесілі Акциялардың санын 9.1-бапта белгіленген шектеулерден төмен деңгейге дейін азайту жолымен жоюға міндетті.
- 9.3 Директорлар кеңесі 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзудың әрбір фактісіне қатысты Директорлар кеңесіне белгілі (қолжетімді) барлық мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті талдау негізінде Бұзушылық жасаған Акционерді айқындайды және оған осы Жарғыда және Заңнамада белгіленген тәртіппен 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзуды жою туралы талап жібереді.

- 9.4 Директорлар кеңесі Акционерді мынадай жағдайларда Бұзушылық жасаған Акционер деп тануға құқылы:
- 9.4.1 Акционер не осындай Акционерге қатысты Тиімді бақылауды жүзеге асыратын тұлға нәтижесінде 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзуға жол берілген мәміле бойынша тарап болып табылса;
 - 9.4.2 Акционер не осындай Акционерге қатысты Тиімді бақылауды жүзеге асыратын тұлға оның орындалуы нәтижесінде 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзуға жол берілген соттың (төреліктің) шешімі бойынша тарап болып табылса;
 - 9.4.3 егер Қоғам орналастырылған Акцияларды Заңнаманың талаптарына сәйкес Акционердің талабы бойынша сатып алуды жүзеге асырса және мұндай сатып алу 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзуға әкеп соқтырса; бұл ретте Директорлар кеңесі Қоғамның Акцияларын соңғы сатып алған шетелдік тұлғаны Бұзушылық жасаған Акционер деп тануға құқылы; немесе
 - 9.4.4 Акционердің не осындай Акционерге қатысты Тиімді бақылауды жүзеге асыратын тұлғаның әрекеттері (әрекетсіздігі) 9.1-бапта белгіленген шектеулердің бұзылуына әкеп соқтыратын өзге жағдайларда.
- 9.5 Егер 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзу бірнеше оқиғалар орын алған күні жасалса, олардың әрқайсысы жеке-жеке аталған бұзушылық жасалған оқиға ретінде танылуы мүмкін болса, онда Бұзушылық жасаған Акционерді анықтау туралы шешімді қабылдау кезінде Директорлар кеңесі аталған оқиғалардың басталуының хронологиялық тәртібін ескереді.
- 9.6 Егер Бұзушылық жасаған Акционерді айқындау хронологиялық тәртіппен мүмкін болмаса, Директорлар кеңесі Бұзушылық жасаған Акционерді айқындаудың оларды Директорлар кеңесі негізді және орындалатын деп есептейтін басқа критерийлерін қолдануға құқылы.
- 9.7 Директорлар кеңесі Бұзушылық жасаған Акционер анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Бұзушылық жасаған Акционерге жазбаша хабарлама (бұдан әрі – «**Бұзушылық туралы хабарлама**») жібереді, онда мыналар хабарланады:
- 9.7.1 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзу фактісі туралы;
 - 9.7.2 9.2.3-бапта белгіленген міндетті орындау қажеттілігі туралы;
 - 9.7.3 Бұзушылық жасаған Акционер Қоғамның акционерлік капиталына өзінің қатысуын азайтуға тиіс Акциялардың саны туралы және оны жүзеге асыру қажет мерзім туралы;
 - 9.7.4 Бұзушылық жасаған Акционердің Қоғамдағы өз Акцияларымен дауыс беру, сондай-ақ 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзу толығымен жойылғанға дейін Қоғамдағы өз Акциялары бойынша дивидендтер алу құқығын шектеу туралы; және
 - 9.7.5 Директорлар кеңесінің пікірі бойынша 9.1-бапта белгіленген шектеулерді бұзуға қатысы бар басқа да мәліметтер.
- 9.8 Егер Қоғамға осындай Акционердің (Бұзушылық жасаған акционердің) сәйкестендіру деректері немесе мекенжай (байланыс) деректемелері белгілі болмаса, Директорлар

кеңесі Бұзушылық туралы хабарламаны Акционерге (Бұзушылық жасаған Акционерге) жіберуге міндетті емес.

- 9.9 Бұзушылық туралы хабарлама Қоғамға белгілі Акционердің (Бұзушылық жасаған Акционердің) мекенжай (байланыс) деректемелері бойынша қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық нысандағы кез келген қолжетімді байланыс құралдарымен жіберілген кезде тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.
- 9.10 Акцияларды сатып алу осы 9.1-бабында белгіленген шектеулердің бұзылуына әкелетін болса, Қоғамның бастамасы бойынша Акционердің келісімімен Қоғам мұндай сатып алуды жүзеге асырмайды.
- 9.11 Егер Қоғамның акциялары номиналды ұстауда болса, осы Баптың ережелері Акциялардың номиналды ұстаушысының клиенті болып табылатын осындай Акциялардың иесіне қатысты қолданылады. Күмәнді болдырмау үшін, егер Акциялар депозитарийде немесе кастодианда (Қазақстан Республикасының резидентінде немесе шетелдік ұйымда) ұсталса, мұндай депозитарий немесе кастодиан Акцияларды және (немесе) осындай Акцияларға меншік құқығын немесе өзге де құқықтарды куәландыратын кез келген басқа шығарылған бағалы қағаздарды ұстаса, онда осы 9-баптың ережелері осындай Акциялар ұстаушысының клиентіне қатысты қолданылады (депозитарий немесе кастодиан шығарған және Акцияларға меншік құқығын немесе өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаздарды ұстаушыны қоса алғанда). Осы 9-баптың мақсаттары үшін меншік иесі болып табылатын немесе осындай депозитарий немесе кастодиан (яғни, депозитарийдің немесе кастодианның клиенті) шығарған бағалы қағаздарға өзге де тікелей иелік ететін тұлға осындай бағалы қағаздар ұсынған Акциялар санының ғана «меншік иесі» болып есептеледі.
- 9.12 Акционерлер мен Қоғам «Қазақстан Республикасының өуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қоғамға шетелдік қатысуды (бақылауды) шектеу бөлігіндегі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

10-БАП. ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ

- 10.1 Жай акциялар бойынша жыл, жартыжылдық (және) немесе тоқсан қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады. Жай акциялар бойынша дивидендтер ақшалай және (немесе) Бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның жай Акциялары бойынша оның Бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге осындай төлеу жүзеге асырылатын Акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған Акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі. Артықшылықты акциялар бойынша Бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.
- 10.2 Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның таза табысын жыл, жарты жыл және тоқсан қорытындылары бойынша және осындай дивидендтердің мөлшерін бір жай акцияға есептегенде бөлу тәртібіне қатысты өз ұсынымдарын ұсынады. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның жай Акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 10.3 Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:
- 10.3.1 Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;

- 10.3.2 дивидендтер төленетін кезең;
 - 10.3.3 бір жай Акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
 - 10.3.4 дивидендтер төлеудің басталатын датасы;
 - 10.3.5 дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны; және
 - 10.3.6 төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде) қамтылуға тиіс.
- 10.4 Орталық депозитарий Тізілім негізінде 9.2-баптың мазмұнын ескере отырып, дивидендтер алуға құқығы бар Акционерлердің тізімін жасайды. Бұл тізім дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.
- 10.5 Акционер, 10.6 және 10.7-бапта көрсетілген негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.
- 10.6 Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған Акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 10.7 Мынадай жағдайларда Қоғамның жай Ациялары (сондай-ақ артықшылықты Акциялар бойынша – егер артықшылықты Акцияларды Қоғам шығарған болса) бойынша:
- 10.7.1 Қоғамның өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер өз капиталының мөлшері Акциялар бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса; немесе
 - 10.7.2 егер Қоғам Заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда Акциялар бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.

11-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

- 11.1 Мыналар Қоғам органдары болып табылады:
- 11.1.1 жоғары орган – Акционерлердің Жалпы жиналысы;
 - 11.1.2 басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - 11.1.3 атқарушы орган – Бас атқарушы директор; және
 - 11.1.4 Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

12-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 12.1 Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыреті. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:
- 12.1.1 осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

- 12.1.2 Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 12.1.3 артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, оның ішінде Қызметкерлерге сыйақы беру жоспары туралы қағидаларды, сондай-ақ оларға өзгертулер мен толықтыруларды бекіту арқылы, орналастырылатын (өткізілетін) Акцияларының немесе жай Акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;
- 12.1.4 Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 12.1.5 жарияланған Акциялардың санын ұлғайту немесе орналастырылмаған жарияланған Акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 12.1.6 Қоғамның Бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 12.1.7 жай Акцияларға айырбасталатын Бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 12.1.8 орналастырылған Акциялардың бір түрін Акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 12.1.9 Акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;
- 12.1.10 өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;
- 12.1.11 егер есеп комиссиясын құру Заңнамамен талап етілсе, есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 12.1.12 Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және шарттарын айқындау;
- 12.1.13 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 12.1.14 Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және нәтижелері бойынша дивидендтер төлеу жоспарланатын өзге де тиісті кезең үшін аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 12.1.15 Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай Акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір жай Акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 12.1.16 жай Акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 12.1.17 Акциялардың ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 12.1.18 Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға қатысуы, қатысушылардың

(акционерлердің) құрамына кіруі туралы немесе Қоғамның барлық активтерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (сатып алу) жолымен басқа заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

- 12.1.19 Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның Акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;
- 12.1.20 Қоғам Акцияларды Заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер ол бекітілмесе, әдістемені бекіту);
- 12.1.21 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 12.1.22 Акционерлерге, егер мұндай тәртіп осы Жарғыда айқындалмаса, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 12.1.23 «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 12.1.24 нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- 12.1.25 Қоғамның жасалуында мүдделілік болатын Ірі мәміле жасасуы туралы шешім; және
- 12.1.26 шешім қабылдау Заңнамаға сәйкес және (немесе) осы Жарғыда Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

12.1-бапта көрсетілген мәселелер, егер бұл Заңнамада көзделмеген болса ғана, Директорлар кеңесінің, Бас атқарушы директордың және Қоғамның өзге де органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің қарауына берілмейді. Акционерлердің Жалпы жиналысы қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

12.2 Кворум. Егер Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін Акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

12.3 Дауыс беру. 12.1.2, 12.1.3, 12.1.4, 12.1.5 және 12.1.20-баптарда көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер дауыс беретін Акциялардың жалпы санының Білікті көпшілігімен қабылданады. 12.1.1-бапта көрсетілген мәселе бойынша шешім дауыс беруге қатысатын дауыс беретін Акциялардың жалпы санының Білікті көпшілік даусымен қабылданады. 12.1.10-бапта көрсетілген мәселе бойынша шешім Қоғамның дауыс беретін

Акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. 12.1.12-бабында көрсетілген Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату бөлігіндегі мәселе бойынша шешім: (а) егер 2026 жылғы 31 наурызды қоса алғандағы кезеңде қолданылып жүрген өкілеттіктерге қатысты болса, онда Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін Акцияларының жалпы санының Айқын басым көпшілігімен және (б) егер 2026 жылдың 31 наурызынан кейінгі кезеңде әрекет ететін өкілеттіліктерге қатысты болса, онда дауыс беруге қатысатын дауыс беретін Акциялардың жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады. 12.1.12-бабында көрсетілген Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау бөлігіндегі мәселе бойынша шешім: (а) егер бір орынға бір кандидат үміткер болса, онда дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының жай көпшілік даусымен немесе (б) егер бір орынға бірнеше кандидат үміткер болса, онда кумулятивтік дауыс беру нәтижелері бойынша қабылданады және ең көп дауыс берілген кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып танылады. 12.1.23-бапта көрсетілген мәселе бойынша шешім Қоғамның дауыс беретін Акцияларының жалпы санының 90% (тоқсан пайыз) даусымен қабылданады. Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне кіретін барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер Заңнамада көзделген өзге арақатынас болмаған кезде дауыс беруге қатысатын дауыс беретін Акциялардың жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы 12.1.8-бапта көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты Акцияларды иеленетін Акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты Акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

- 12.4 Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру: (1) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді; (2) Акционерлердің Жалпы жиналысында рәсімдік мәселелер бойынша дауыс беруді (Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселелерді қоспағанда), бұл жағдайда Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір адамның бір дауысы болады; немесе (3) Заңнамада өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. Дауыс беру ашық тәсілмен немесе бюллетеньдер бойынша жасырын дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін.
- 12.5 Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама. Егер бұл Заңнамамен талап етілетін болса, Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы немесе дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды. Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға тиісті жазба енгізіледі. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысушы Акционерлердің қатысып жасырын дауыс беру және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс. Дауыс беру қорытындылары Акционерлердің дауыс беру өткізілген Жалпы жиналысының барысында жария етіледі. Дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру қорытындылары Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы Акционерлердің назарына жеткізіледі.
- 12.6 Өкілдері. Акционерлер жеке өздері немесе өз өкілдері арқылы Акционерлердің Жалпы

жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Акционердің өкілінде Акционер оның атына берген сенімхат болуы керек, оның атынан осы өкіл Акционерлердің осындай Жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге уәкілетті және аталған сенімхат Заңнамаға сәйкес тиісті түрде ресімделуі тиіс.

- 12.7 Акционерлердің Жылдық және Кезектен тыс жиналыстары. Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналыстары Қоғамның қаржылық жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде жылына бір рет өткізіледі (бұдан әрі – **Акционерлердің жылдық жиналысы**). Есепті кезеңде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда жоғарыда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылды деп есептеледі. Акционерлердің жылдық жиналыстарын Директорлар кеңесі шақырады. Қоғамның органдары Акционерлердің Жылдық жиналысын шақырудың Заңнамада белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің Жылдық жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 12.8 Акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналыстары (бұдан әрі – **Акционерлердің Кезектен тыс жиналыстары**) Акционерлердің Жылдық жиналысына қосымша шақырылуы мүмкін. Акционерлердің Кезектен тыс жиналыстары Директорлар кеңесінің немесе Ірі акционердің бастамасы бойынша, сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда кез келген уақытта және кез келген негізде шақырылуы мүмкін. Егер қоғам тарату процесінде болса, Акционерлердің Кезектен тыс жиналысын тарату комиссиясы да шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін. Егер Қоғам органдары Акционерлердің Кезектен тыс жиналысын өткізу туралы Ірі Акционердің талабын орындамаса, Акционерлердің кезектен тыс жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 12.9 Жиналыс туралы хабарлама және күн тәртібі. Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:
- 12.9.1 Бас атқарушы директор;
 - 12.9.2 Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
 - 12.9.3 Директорлар кеңесі; немесе
 - 12.9.4 Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 12.10 Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.
- 12.11 Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімін Тізілімдерде бар деректер негізінде орталық депозитарий жасайды.
- 12.12 Акционерлерге алда Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетіні туралы Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп Акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары қолданатын Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы өткізуге ұсыныс түскен жағдайда – мұндай Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күнге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей хабарлануы тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер Акционерлердің саны 50 (елу)

- Акционерден аспаса, хабарлама Акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама Акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.
- 12.13 Шешімдері тікелей немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар болуға тиіс:
- 12.13.1 Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 12.13.2 Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 12.13.3 Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, Акционерлердің қайта өткізілуге тиіс Жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;
 - 12.13.4 Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімін жасау күні;
 - 12.13.5 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 12.13.6 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Акционерлерді материалдармен таныстыру тәртібі;
 - 12.13.7 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
 - 12.13.8 сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі; және
 - 12.13.9 соған сәйкес Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін Заңнама нормалары.
- 12.14 Аралас дауыс беру кезінде Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада осы Бапта көзделген ақпаратқа қосымша бюллетеньдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.
- 12.15 Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар болуға тиіс:
- 12.15.1 Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 12.15.2 Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 12.15.3 Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімін жасау күні;
 - 12.15.4 сырттай дауыс беру нәтижелерін санау үшін бюллетеньдер берудің басталу және аяқталу күндері;
 - 12.15.5 сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
 - 12.15.6 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 12.15.7 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша

Акционерлерді материалдармен таныстыру тәртібі;

- 12.15.8 дауыс беруді өткізу тәртібі; және
- 12.15.9 соған сәйкес Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін Заңнама нормалары.
- 12.16 Кез келген миноритарлық Акционер Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа Акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш жасауға құқылы. Миноритарлық акционердің өтініш жасау және орталық депозитарийдің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.
- 12.17 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі жөніндегі материалдар күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты, сондай-ақ Заңнама талаптарына сәйкес өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.
- 12.18 Акционерлердің Жылдық жиналысының күн тәртібі бойынша материалдар:
- (a) бекітуге шығарылған Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
 - (b) Қоғамның жылдық қаржы есептілігіне қатысты аудитордың есебі;
 - (c) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және бір жай Акцияға шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
 - (d) Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат; және
 - (e) Акционерлердің Жылдық жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.
- 12.19 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуге тиіс.
- 12.20 Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібіне егер оларды енгізуге жиналысқа қатысатын және жиынтығында дауыс беретін Акциялардың кемінде 95 (тоқсан бес) пайызын иеленетін Акционерлердің (немесе осындай акционерлердің өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты Акциялардың жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) енгізілуіне дауыс берсе, мәселені шешу артықшылықты Акцияларды иеленетін Акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін.
- 12.21 Хабарламада көрсетілген күндізгі тәртіппен өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне дербес немесе басқа Акционерлермен жиынтықта дауыс беретін Акциялардың 5 (бес) және одан да көп пайызын иеленетін Акционерлер немесе Директорлар кеңесі Акционерлерге мұндай толықтырулар туралы Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда ұсынған толықтырулар енгізілуі мүмкін.

- 12.22 Сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге тыйым салынады.
- 12.23 Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізу. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізуді Акционерлердің бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.
- 12.24 Өткізілмеген жиналыстың орнына өткізілетін Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы, егер: (1) кворумының болмауы себебінен өтпеген Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса және (2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін жиынтығында дауыс беретін акциялардың 40 (қырық) және одан да көп пайызына иелік ететін, оның ішінде сырттай дауыс беретін Акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 12.25 Акционерлердің Жалпы жиналысын қайта өткізудегі шешімдер осы Жарғыда және Заңнамада белгіленген тәртіппен қабылданады. Акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысын қайтадан кейінге қалдыруға болмайды.
- 12.26 Акционерлердің Жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі. Акционерлердің Жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі Заңнамаға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не Акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.
- 12.27 Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген Акционерлерді (немесе олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Өкілдер Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өздерінің өкілеттіктерін растайтын, 12.6-бабының талаптарына сәйкес құрылған сенімхаттарды ұсынуы тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге арналған сенімхат Заңнамаға сәйкес немесе шарт негізінде Акционердің атынан әрекет етуге немесе оның мүдделерін сенімхатсыз білдіруге құқылы тұлғаларға талап етілмейді.
- 12.28 Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген Акционерлердің (Акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.
- 12.29 Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысына келген Акционер (Акционердің өкілі) тіркелуге міндетті. Тіркеуден өтпеген акционер (немесе оның өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 12.30 Мұндай тұлғаға осы жиналыстың төрағасы жиналысқа қатысуға рұқсат берген жағдайларды қоспағанда, Акционер болып табылмайтын бірде-бір тұлға Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқылы емес. Артықшылықты акцияға иелік ететін Акционер, Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің Жалпы жиналысына дауыс беру құқығынсыз қатысуға құқылы.
- 12.31 Егер дауыс беру үшін бұрын бюллетень жіберген Акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберген бюллетені Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

- 12.32 Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық Акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің Жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.
- 12.33 Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, ал шешім Акционерлердің немесе олардың қатысушы өкілдерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Бас атқарушы директор Акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды
- 12.34 Акционерлердің Жалпы жиналыстарының Хатшысы Акционерлердің Жалпы жиналыстарының хаттамаларында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.
- 12.35 Акционерлер күндізгі тәртіппен, Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысына қатысуға құқылы.
- 12.36 Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында:
- (a) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - (b) Акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
 - (c) Қоғамның Акционерлердің Жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін Акцияларының саны туралы мәліметтер;
 - (d) Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
 - (e) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - (f) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
 - (g) Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
 - (h) Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;
 - (i) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша Акционерлердің жалпы дауыс саны;
 - (j) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары; және
 - (k) Акционерлердің Жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.
- 12.37 Акционерлердің Жалпы жиналысында Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда Жалпы жиналыстың хаттамасында: Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай Акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор

болып табылатыны көрсетіледі.

- 12.38 Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (немесе Заңнамада көзделген өзге де тілде) жасалады. Мәтіндер арасында қайшылықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі хаттама мәтіні басым күшке ие болады. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына Заңнама талаптарына сәйкес хаттамаға қол қоюға міндетті немесе Заңнамаға сәйкес оған қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар қол қояды. Егер кез келген осындай адам хаттамаға қол қоюдан бас тартса, онда ол бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша түсініктеме беруге міндетті, ол хаттамаға қоса берілуге тиіс.
- 12.39 Барлық Акционерлердің Жалпы жиналыстарының хаттамалары дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің Жалпы жиналыстарына қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Бас атқарушы директорда сақталуға және танысу үшін кез келген Акционерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамаларының көшірмелері беріледі.
- 12.40 Акционерлердің Жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.
- 12.41 Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер Тізілім мәліметтері негізінде жасалған Акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).
- 12.42 Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға:
- (a) пошта байланысының құралдары қолданылған кезде – акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей;
 - (b) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде – Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Акционерлерінің саны 100 (жүз) және одан көп болған жағдайда сырттай дауыс беру кезінде Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге Акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауға міндетті.

- 12.43 Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:
- (a) Қоғамның толық атауы және Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері;
 - (b) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - (c) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
 - (d) Акционердің Жалпы жиналысы жабылатын күн;

- (e) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - (f) егер Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
 - (g) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
 - (h) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
 - (i) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.
- 12.44 Дауыстарды есептеу кезінде Акционер (Акционердің өкілі) дауыс беру бюллетенінде белгіленген анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек 1 (бір) ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар ғана есептеледі. Жеке тұлға – Акционердің не заңды тұлға – Акционер басшысының немесе жеке тұлға – Акционер өкілінің не заңды тұлға – Акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі. Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.
- 12.45 Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған кезде жарамды болып табылады. Акционерлер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер берген жағдайда, осындай бюллетеньдерге сәйкес берілген және Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақытында Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін есепке алынады.

13-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 13.1 Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді және Қоғамның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.
- 13.2 Директорлар кеңесі:
- 13.2.1 мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен Акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға; және
 - 13.2.2 Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.
- 13.3 Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін келесі комитеттер құрылады:
- 13.3.1 Аудит жөніндегі комитет, Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет; сондай-ақ

- 13.3.2 Директорлар кеңесінің қалауы бойынша басқа комитеттер.
- 13.4 Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны және сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатта белгіленеді. 13.3.1-бапта көрсетілген комитеттердің, сондай-ақ басқа комитеттердің басшылары (егер Заңнамада талап етілсе) тәуелсіз директорлар болуға тиіс; барлық басқа комитеттерді Директорлар кеңесінің мүшесі (Бас атқарушы директор лауазымын атқаратын Директорлар кеңесінің мүшесінен басқа) басқарады. Комитеттердің құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылар кіреді. Аудит жөніндегі комитет тек қана Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруға тиіс.
- 13.5 Директорлар кеңесі 9 (тоғыз) мүшеден тұрады, олардың кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар кеңесіне Бас атқарушы директор кіруі керек. Директорлар кеңесі, бір орынға бір кандидат үміткер болған жағдайды қоспағанда, Акционерлердің Жалпы жиналысы Заңнамаға сәйкес дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы сайланады.
- 13.6 Тұлға, егер:
- 13.6.1 меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған болса Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлана алмайды. Бұл шектеу бұл тұлғаның Заңнамаға сәйкес жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болған кезең бойы қолданылады және сотталғандығы жойылған немесе алынған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы созылады; немесе
- 13.6.2 ол банкрот деп жарияланған немесе қызметі тоқтатыла тұрған заңды тұлғада жетекші лауазымдарды атқарғанда немесе немесе оны осындай адам басқарған кезеңде оңалту немесе мәжбүрлеп жою рәсімінен өткенде – осындай банкроттық, қызметті тоқтата тұру, оңалту немесе мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарылған күннен бастап 5 (бес) бойы; немесе
- 13.6.3 оған Заңнама негізінде немесе оған байланысты Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын атқаруға тыйым салынса немесе құқығынан айырылса қолданылады.
- 13.7 Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен айқындалады, бірақ 2 (екі) жылдан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.
- 13.8 Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің (барлық мүшелерінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 13.9 Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады. Директорлар кеңесінің ағымдағы мүшелесінің өкілеттік мерзімі оны алмастыратын Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

- 13.10 Бос орынды толтыру үшін Акционерлердің Жалпы жиналысы тағайындаған Директорлар кеңесінің мүшесі оның алдындағы мүшенің қалған мерзіміне сайланады.
- 13.11 Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша кез келген уақытта мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.
- 13.12 Директорлар кеңесінің құрамы (оның мүшелерінің сандық құрамын қоспағанда) Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен өзгертілуі мүмкін.
- 13.13 Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті. Мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:
- 13.13.1 Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау, сондай-ақ Заңнамада көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
 - 13.13.2 Акционерлердің Жылдық және Кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 13.13.3 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;
 - 13.13.4 Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, жарияланған Акциялар саны шегінде Акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 13.13.5 Заңнамада көзделген жағдайларда басымдықпен сатып алу құқығын қолданбай, Акцияларды немесе жай Акцияларға айырбасталатын басқа да Бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;
 - 13.13.6 қоғамның орналастырылған Акцияларды немесе басқа да Бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 13.13.7 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін немесе өзге тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және Директорлар кеңесінің қызметі туралы жылдық есепті мақұлдау, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін мақұлдау;
 - 13.13.8 Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді және Ішкі аудит қызметі туралы ережелерді бекіту;
 - 13.13.9 Қоғамның облигацияларын және туынды Бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
 - 13.13.10 осы Жарғыға және (немесе) Заңнамаға сәйкес, Акционерлердің Жалпы жиналысы жасасу туралы шешімді қабылдайтын Ірі мәмілелерді қоспағанда, жасауға мүдделі болған Ірі мәмілелер және мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;
 - 13.13.11 Бас атқарушы директордың өкілеттік мерзімін белгілеу және сайлау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

- 13.13.12 Бас атқарушы директордың лауазымдық айлықақысының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 13.13.13 Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 13.13.14 корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 13.13.15 қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Акцияларды төлеуге берілген не Ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13.13.16 Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас атқарушы директор қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның Бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13.13.17 Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 13.13.18 Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
- 13.13.19 акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10 (он) және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 13.13.20 Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызына ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 13.13.21 қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 13.13.22 құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) Ірі мәмілені Қоғамның осындай мәміле туралы шешімді қабылдау күніне жасасуы туралы шешім қабылдау, және Акционерлердің Жалпы жиналысының осындай шешімді қабылдау үшін ұсыныстарды пысықтау;
- 13.13.23 Заңнамада көзделген негізде және жағдайларда басымдықпен сатып алу құқығын қолданбай, қарапайым Акцияларға айырбасталатын Акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешімдер қабылдау;
- 13.13.24 Қызметкерлерге сыйлықақы беру жоспары туралы Қағидалар шеңберінде

сыйлықақылардың (сыйақылардың) түрін, мөлшерін және төлеу мерзімін айқындауды қоса алғанда, Қоғамның қызметкерлеріне және өзге де тұлғаларға сыйлықақы беру шарттарын айқындау туралы шешімдер қабылдау; және

- 13.13.25 Заңнамада, айналысқа жіберілген немесе ресми тізіміне Акцияларға меншік құқығын куәландыратын Акциялар немесе Бағалы қағаздар енгізілген қор биржасының қағидаларында және (немесе) осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер, егер олар Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаса.
- 13.14 13.13-бапта көрсетілген мәселелер шешу үшін Бас атқарушы директорға беріле алмайды. Директорлар кеңесінің Бас атқарушы директордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ және Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қарама қайшы келетін шешімдер шығаруға құқығы жоқ.
- 13.15 Директорлар кеңесінің төрағасы. Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге қатысатын дауыс беретін Акциялардың жалпы санының жай көпшілік даусымен сайланады:
- 13.15.1 тиісті уақыт сәтінде Акциялардың ең көп саны тиесілі Акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен, мұндай Акционерге дауыс беретін Акциялардың 30%-дан астамы тиесілі болған жағдайда деген шартпен;
- 13.15.2 егер тиісті уақыт сәтінде Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің ішінен дауыс беретін Акциялардың 30%-дан астамы тиесілі Акционер болмаса.
- 13.16 Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруға және оларда төрағалық етуге құқығы бар, сондай-ақ Заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады.
- 13.17 Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің тиісті отырысында оның функцияларын Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысқа қатысушы жай көпшілік даусымен қабылданатын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 13.18 Директорлар кеңесінің отырыстары. Директорлар кеңесінің отырыстарын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Бас атқарушы директор өз бастамасы бойынша шақыра алады немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Ішкі аудит қызметінің, Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның және Ірі Акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.
- 13.19 Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Бас атқарушы директорға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесі айқындаған тәртіппен отырысты өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарламалар жібере отырып, отырысты шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей өткізу үшін Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Бас атқарушы директор шақыруға тиіс.

- 13.20 Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар және Заңнамада талап етілетін басқа да мәліметтер Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.
- 13.21 Директорлар кеңесінің (а) егер бірінші отырыс өткізілмесе, өткізілуге тиіс Директорлар кеңесінің бірінші қайталама отырысын, және (б) егер Директорлар кеңесінің бірінші отырысы және бірінші қайталама отырысы өткізілмесе, өткізілуге тиіс Директорлар кеңесінің екінші қайта отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты мен орны, оның күн тәртібі, сондай-ақ өткізілетін күні мен уақыты туралы мәліметтер болуға тиіс. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі тиісті емес хабарламаға қарсылық білдіруден өзге мақсатта Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша бас тартуды беру жолымен (немесе Бас атқарушы директорға – отырысты Бас атқарушы директор шақырған жағдайда немесе Директорлар кеңесінің төрағасы жиналысты шақыру бастамашысының талабы бойынша отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, тиісінше) немесе отырысқа қатысу жолымен күнтізбелік 14 (он төрт) күн бұрын хабарламаны талап етуден бас тартуға құқылы. Директорлар кеңесінің әрбір қайталама отырысы Директорлар кеңесінің өткізілмеген отырысы өткізілуі тиіс жерде өткізілуге тиіс. Директорлар кеңесінің әрбір қайта отырысының күн тәртібі Директорлар кеңесінің өткізілмеген отырысының күн тәртібінен ерекшеленбеуге тиіс. Директорлар кеңесінің әрбір қайталама отырысын өткізу: (а) Директорлар кеңесінің өткізілмеген отырысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен ерте емес және (б) Директорлар кеңесінің өткізілмеген отырысы күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей тағайындалуы мүмкін. Директорлар кеңесінің өткізілмеген екінші қайта отырысын қайтадан кейінге қалдыруға болмайды.
- 13.22 Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Бас атқарушы директорды алдын ала хабардар етуге міндетті.
- 13.23 Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібіне басқа да мәселелерді енгізуді ұсынуы мүмкін және Директорлар кеңесі мұндай мәселелерді күн тәртібі шеңберінде мынадай жағдайларда қарауы тиіс:
- (а) хабарлама Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 7 (жеті) күн бұрын жіберілді. Мұндай жағдайда Директорлар кеңесінің тиісті отырысын шақыратын тұлға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін 6 (алты) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне күн тәртібі бойынша ұсыныстарды өздерінің Директорлар кеңесінің отырысына сырттай қатысу ниеті туралы Бас Атқарушы директорға хабарлауы үшін жібереді; немесе
 - (б) Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі осындай басқа мәселелерді ұсынылған күн тәртібіне енгізуге келіскен жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін отырысты қоспағанда.
- 13.24 Кворум. Директорлар кеңесі шешім қабылдауға құқылы, егер:
- (а) Директорлар кеңесінің сайланған барлық 9 (тоғыз) мүшесі:
 - (i) Директорлар кеңесінің бірінші отырысына немесе Директорлар кеңесінің бірінші қайта отырысына жеке өздері қатысса; немесе
 - (ii) Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда сырттай дауыс берсе.

- (b) Директорлар кеңесінің кемінде 7 (жеті) мүшесі Директорлар кеңесінің екінші қайта отырысына жеке өздері қатысса.

Егер Директорлар кеңесінің бірінші отырысы үшін немесе сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы үшін осы Жарғыда айқындалған кворумға қол жеткізу үшін Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің жалпы саны жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін (мүшелерін) сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай Акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

- 13.25 Дауыс беру. Директорлар кеңесінің отырысындағы шешімдер факс, электрондық пошта немесе телефон (конференц-байланыс), бейне-байланыс (бейнеконференция) және (немесе) Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне қолжетімді басқа да байланыс құралдарын пайдалана отырып, хабарламалар алмасу арқылы отырысқа қатысатын немесе қашықтықтан байланыс жүйесі арқылы қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады және берілетін және алынатын хабарламалардың түпнұсқалығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.
- 13.26 Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы. Директорлар кеңесінің бетпе-бет нысанда өткізілетін отырысында қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны Директорлар кеңесінің төрағасы және Директорлар кеңесінің хатшысы қызметін атқаратын Корпоративтік хатшы отырыс өткізілген күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде жасауы және қол қоюы тиіс. Хаттама қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалады.
- 13.27 Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында мыналар болуы керек:
- (a) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - (b) отырыстың күні, орны және уақыты;
 - (c) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
 - (d) отырыстың күн тәртібі;
 - (e) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары, онда Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі берген дауыстар туралы мәліметтер жазылады;
 - (f) қабылданған шешімдер; сондай-ақ
 - (g) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де ақпарат.
- 13.28 Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі оны қажет деп санайтындай және Заңнама талаптарына сәйкес талап етілетіндей жиілікпен, бірақ жылына кемінде 4 (төрт) рет өткізілуі тиіс.
- 13.29 Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Жарғының Директорлар кеңесінің қайта отырыстарын өткізуге қатысты ережелері Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру

арқылы шешімдер қабылдауына қолданылмайды. Сырттай өткізілетін Директорлар кеңесі отырысының шешімі жазбаша нысанда ресімделуге және Директорлар кеңесінің төрағасы мен Директорлар кеңесінің хатшысы қызметін атқаратын Корпоративтік хатшы қол қоюға тиіс және белгіленген мерзімде алынған дауыс беруге арналған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда жарамды деп есептеледі.

13.30 Сырттай дауыс берген жағдайда, дауыс беруге арналған бюллетеньдер Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне кемінде 24 (жиырма төрт) сағат бұрын немесе Директорлар кеңесінің барлық мүшелері бірауыздан келісе алатын осындай өзге мерзім ішінде жіберілуі тиіс шұғыл мәселелерді қоспағанда, дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге немесе Директорлар кеңесінің нақты отырысы өткізілмей сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды санау күніне дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмей, Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберілуі тиіс. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беруді өткізу тәртібін белгілейтін ішкі ережені қабылдауға құқылы. Дауыстарды есептеу кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беруге арналған бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және қаралған әрбір мәселе бойынша дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоймаған дауыс беруге арналған бюллетеньдер жарамсыз деп танылады.

13.31 Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- (a) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- (b) отырысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- (c) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні (немесе күні мен уақыты – шұғыл мәселелер туындаған жағдайда);
- (d) Директорлар кеңесінің отырысын өткізбей сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды санау күні (немесе күні мен уақыты – шұғыл мәселелер туындаған жағдайда);
- (e) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- (f) егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде қандай да бір тұлғаларды сайлау (тағайындау) туралы мәселелер болса, сайлауға (тағайындауға) ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- (g) дауыс беруге қойылған мәселелердің тұжырымдалуы;
- (h) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «жақтаймын», «қарсымын» және «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- (i) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру; және
- (j) егер күн тәртібінде қандай да бір тұлғаны сайлау (тағайындау) туралы сұрақтар болса, жекелеген кандидаттар үшін берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған жолдар.

13.32 Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

- 13.33 Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша мұндай мүшеге танысу үшін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттама мен шешімдерден үзінді көшірмелер беруге міндетті.
- 13.34 Корпоративтік хатшы. Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысын және Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылауға жауапты корпоративтік хатшыны сайлайды, Акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар дайындауды қамтамасыз етеді және осындай материалдарға қол жеткізуді бақылауға жауапты болады. Корпоративтік хатшының құзыреті мен өкілеттігі Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

14-БАП. БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

- 14.1 Ағымдағы қызметке басшылықты Бас атқарушы директор жүзеге асырады. Бас атқарушы директор – Қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға. Бас атқарушы директор Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 14.2 Бас атқарушы директор Директорлар кеңесімен сайланады. Бас атқарушы директордың құқықтары мен міндеттері Заңнамада, осы Жарғыда, сондай-ақ ол мен Қоғам арасында жасалатын жеке еңбек шартында айқындалады. Бас атқарушы директормен жеке еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған Директорлар Кеңесі немесе Заңнама уәкілеттік берген тұлға қол қояды.
- 14.3 Директорлар кеңесі Заңнамада көзделген тәртіппен және жағдайларда Бас атқарушы директормен жеке еңбек шартын бұзуға құқылы.
- 14.4 Бас атқарушы директордың атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын тұлға, басқа заңды тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ.
- 14.5 Бас атқарушы директордың құзыреті. Егер мұндай мәселе Заңнамада және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдарының немесе лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаса, Бас атқарушы директор кез келген мәселеге қатысты кез келген шешімдерді немесе әрекеттерді қабылдауға құқылы.
- 14.6 Бас атқарушы директордың өкілеттіктері. 14.5-бапқа нұқсан келтірмей, Бас атқарушы директор мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:
- 14.6.1 Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 14.6.2 үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 14.6.3 Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
 - 14.6.4 Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының

және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның атқарушы органы мен Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

- 14.6.5 өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды сенімхат негізінде Қоғамның басқа қызметкерлеріне табыстайды;
- 14.6.6 Қоғамның вице-президенттері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;
- 14.6.7 осы Жарғыда және Акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

- 15.1 Қоғамда қадағалау және мониторинг арқылы қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыру, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін бағалау, Қоғамның ішкі рәсімдері мен саясаттарының сақталуын бағалау, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалау, Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттарды орындау үшін Ішкі аудит қызметі құрылады.
- 15.2 Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды немесе Бас атқарушы директор бола алмайды.
- 15.3 Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметінің қызметін қадағалауды Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жүзеге асырады, ол өз отырыстарын тоқсанына кемінде бір рет өткізеді. Ішкі аудит қызметінің міндеттері, функциялары мен қызмет тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеде белгіленеді.
- 15.4 Ішкі аудит қызметі туралы ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес Ішкі аудит қызметі:
 - 15.4.1 Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат беруге;
 - 15.4.2 бағалау жүргізуге, нәтижелері туралы хабарлауға және жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге ұсынымдар беруге және ықпал етуге; сондай-ақ
 - 15.4.3 Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыруға міндетті.
- 15.5 Қоғам мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Заңнамамен және осы Жарғымен реттеледі.
- 15.6 Қоғамның 13.3.1-бапқа сәйкес құрылатын Директорлар кеңесінің Аудит комитеті болуға тиіс. Директорлар кеңесінің Аудит комитеті:
 - 15.6.1 Ішкі аудит қызметінің жылдық аудит жоспарын алдын ала бекітуге;
 - 15.6.2 Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне сыйлықақылардың мөлшерін ұсынуға; сондай-ақ

- 15.6.3 Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға міндетті.

16-БАП. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП; ЕСЕПТІЛІК

- 16.1 Қоғамның бірінші қаржы жылы Тіркеу күнінен басталып, сол жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жағдайда, сол жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына (қоса алғандағы) дейінгі кезең Қоғамның есепті қаржы жылы болып табылады.
- 16.2 Қоғам өзінің қаржылық есептілігін және өзінің бухгалтерлік есебі мен бухгалтерлік құжаттамасын орыс тілінде және (немесе) егер Заңнамада талап етілсе, мемлекеттік тілде жасайды және жүргізеді және Заңнамаға сәйкес қаржылық есептілікті ұсынады. Қоғамның қаржылық жазбалары мен бухгалтерлік есебі Заңнамада рұқсат етілетіндей дәрежеде кез келген валютада жүргізілуі мүмкін. Қоғамның теңгемен және АҚШ долларымен көрсетілген қаржылық есебі оның ағылшын тіліне аудармасымен бірге Акционерлердің Жалпы жиналысына және Директорлар кеңесінің мүшелеріне беріледі.
- 16.3 Жылдық қаржылық есептілік. Өрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін Бас атқарушы директор Акционерлердің Жылдық жиналысының қарауына және бекітуіне Қоғамның бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті және аудиторлық ұйым (аудитор) тексерген және Қоғамның бас бухгалтері мен Бас атқарушы директор қол қойған түсіндірме жазбаларды, аудитордың есебімен және Директорлар кеңесінің таза кірісті бөлу немесе шығындарды жабу жөніндегі кез келген ұсыныстарымен бірге шектеусіз қамтитын, Заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесі алдын ала бекіткен өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Қоғам жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті немесе егер Қоғамның еншілес ұйымы болмаса, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жылдық жеке қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті жыл сайын жариялауға міндетті.

17-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАСУЫ

- 17.1 Қоғамның Ірі мәміле жасасуы туралы кез келген шешім Заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен қабылданады.
- 17.2 Ірі мәмілені жасасу кезінде Заңнамада және осы Жарғыда жазылған талаптарды сақтамау мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша Заңнамада белгіленген тәртіппен және негіздерде сот тәртібімен жарамсыз деп тануға алып келуі мүмкін.

18-БАП. ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕ ЖАСАУДАҒЫ МҮДДЕЛІЛІГІ

- 18.1 Жасалуына мүдделілік бар мәміле бойынша шешім Заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен қабылданады.
- 18.2 Жасауына мүдделілік бар мәмілені жасасу кезінде Заңнамада және осы Жарғыда көзделген талаптарды сақтамау соттың мұндай мәмілені мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша Заңнамада белгіленген тәртіппен және негіздерде жарамсыз деп тануына әкеп соғуы мүмкін. Мәміле жасасудың Заңнамада және осы Жарғыда көзделген тәртібіне қойылатын талаптарын, сондай-ақ лауазымды адамдар қызметінің қағидаттарын бұза отырып Қоғаммен мәміле жасалуына мүдделі тұлға Қоғам алдында өзінің Қоғамға келтірген залалы мөлшерінде жауапты болады. Мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болады.

19-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗ ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУІ;

- 19.1 Қоғам үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде (Заңнамада белгілеген тәртіппен Ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізеді.
- 19.2 Қоғамның Акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты мынадай көлемде ұсынады:
- 19.2.1 жеке тұлғалар туралы:
- (a) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);
 - (b) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер;
 - (c) туған күні;
 - (d) үлестілігін тану үшін негіздеме;
 - (e) үлестіліктің пайда болған күні; және
 - (f) ескертпелер.
- 19.2.2 заңды тұлғалар туралы:
- (a) заңды тұлғаның толық атауы;
 - (b) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі, заңды тұлғаның пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері;
 - (c) үлестілігін тану үшін негіздеме;
 - (d) үлестіліктің пайда болған күні; және
 - (e) ескертпелер.
- 19.3 Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға табыс етуге міндетті. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе Заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
- 19.4 Осы 19-бапқа сәйкес Қоғамның үлестес тұлғасы ретінде Қоғамға ашылған тұлғаны, егер Қоғамға осындай тұлғаны үлестес тұлға деп жариялаған негіздеменің тоқтатылғанын растайтын құжаттар ұсынылмаса ғана, Қоғам үлестес тұлға ретінде қарауға тиіс. Егер бұрын Акционер немесе лауазымды тұлға осындай Акционердің немесе лауазымды тұлғаның үлестес тұлғасы ретінде көрсеткен тұлға үлестес тұлға болуын тоқтатса, онда Акционер немесе лауазымды тұлға мұндай тоқтату сәтінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде бұл туралы корпоративтік хатшыны хабардар етуге тиіс.
- 19.5 Егер Акционер немесе лауазымды тұлға өзінің үлестес тұлғалары туралы Қоғамға залал келтірген немесе келтіруге ықпал еткен ақпаратты бермесе, онда Қоғам кінәлі тұлғадан мұндай залалдың толық өтелуін талап етуге құқылы.

20-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ

- 20.1 Қоғам Заңнамада белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуді жүзеге асырады.

21-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

- 21.1 Қоғам өз қызметіне қатысты құжаттарды өз қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша сақтайды.
- 21.2 Қоғам Заңнамада сақталуы талап етілетін құжаттарды сақтайды және Заңнамада белгіленген мерзім ішінде сақтайды.
- 21.3 Акционердің талабы бойынша Қоғам Акционерге Заңнаманың талаптарына сәйкес құжаттардың көшірмесін, Заңнамамен қорғалатын қызметтік коммерциялық және өзге де құпияны құрайтын құжаттар мен мәліметтерді қоспағанда, Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей беруге міндетті. Мұндай мәліметтерді алу үшін Акционер Қоғамның атқарушы органына жазбаша өтінім жібереді (электрондық немесе факсимильді байланыс құралдарын пайдалануға болады). Акционердің өтінімі Қоғамның кіріс құжаттарының тізілімінде тіркеледі. Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды Акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

22-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 22.1 Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, біріктіру, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.
- 22.2 Қоғамды қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлеу тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.
- 22.3 Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру Заңнамада көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.
- 22.4 Егер қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның акциялары шығарылымының Заңнамада белгіленген тәртіппен күші жойылуға тиіс.

23-БАП. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

- 23.1 Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім Заңнамаға сәйкес кредиторлармен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін акционерлердің Жалпы жиналысында қабылданады.
- 23.2 Заңнамада көзделген жағдайларда Қоғамды мәжбүрлеп таратуды сот жүзеге асырады. Егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.
- 23.3 Тарату комиссиясы соттың немесе Жалпы жиналыстың қоғамды тарату туралы шешімімен тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамды басқару және тізбесі Заңнамада белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады. Ерікті тарату жағдайында тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне

сәйкес өзге де адамдар енгізілуге тиіс.

- 23.4 Қоғамды тарату тәртібі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Заңнамамен реттеледі.
- 23.5 Қоғам таратылған жағдайда жарияланған Акциялар, сондай-ақ орналастырылған Акциялар Заңнамада белгіленген тәртіппен жойылады.
- 23.6 Қоғамның таратылуға жататын мүлкі Заңнамаға сәйкес бөлінеді.

24-БАП. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

- 24.1 Реттеуші құқық. Осы Жарғы Заңнамамен реттеледі.
- 24.2 Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қоғам Заңнаманың ережелерін басшылыққа алады.
- 24.3 Өзгертулер мен толықтырулар. Осы Жарғыға кез келген өзгертулер мен толықтырулар Заңнаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады және Акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітіледі.
- 24.4 Бөлінушілігі. Егер осы Жарғының бір немесе бірнеше ережелері немесе оларды қолдану қандай да бір тұрғыдан жарамсыз, заңсыз немесе мәжбүрлеу тәртібімен орындалмайтын болып шықса, онда бұл олардың өзгеше қолданылуын, сондай-ақ қалған ережелердің жарамдылығын, заңдылығын және мәжбүрлеу тәртібімен орындалуын қозғамауға немесе нашарлатпауға тиіс. Бұл жағдайда Акционерлердің Жалпы жиналысы ереженің шарттарын немесе Акционерлердің Жалпы жиналысы үшін қанағаттанарлық болатын жарамсыз, заңсыз немесе мәжбүрлі тәртіппен орындалмайтын ережелердің орнына ережелерді қабылдау және бекіту мақсатында осы ережелерді талқылайды.
- 24.5 Жарғының нұсқалары. Осы Жарғы ағылшын, орыс және мемлекеттік тілдерде жасалды, бұл ретте әрбір тілдегі нұсқалардың күші бірдей, бірақ әртүрлі оқылған жағдайда орыс тіліндегі нұсқаның күші басым болады және мұндай әртүрлі оқуды болдырмау үшін ағылшын және мемлекеттік тілдердегі нұсқалар орыс тілдегі нұсқасына сәйкес келтіру үшін өзгертілуге тиіс.
- 24.6 Міндеттеуші күш. Осы Жарғы орындалуға міндетті және барлық Акционерлер мен олардың тиісті рұқсат етілген құқықтық мирасқорлары мен цессионарийлерінің мүддесіне қызмет етеді.
- 24.7 Белгілі бір терминдерді түсіндіру. Кез келген құжатқа, актіге немесе шартқа сілтемелер: (1) барлық қосымшаларды, толықтыруларды және оларға қоса берілетін өзге де құжаттарды қамтиды, (2) оларды ауыстыру мақсатында жасалған немесе қол қойылған барлық құжаттарды, актілерді немесе шарттарды қамтиды және (3) мұндай құжатты, актіні немесе оған барлық өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізілген шартты білдіреді.
- 24.8 Осы Жарғыда пайдаланылатын терминдер жеке және көпше санда бірдей мағынаға ие болады.



Найзабекова Жанар Нурғалиевна

Заң мәселелері жөніндегі вице-президенті, Қоғамның бас заң кеңесшісі